

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 тамыздағы N 778 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы

Шетел мемлекеттері аумағында бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін тікелей орындайтын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының әскери қызметшілеріне қосымша кепілдіктер белгілеу мақсатында қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) басқа мемлекеттердің аумағында бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін тікелей орындайтын әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) атқарып жүрген лауазымы бойынша көзделген ай сайынғы ақшалай үлесі үш есе арттырылады.

Басқа мемлекеттердің аумағында бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін тікелей орындайтын мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге 16-қосымшаға сәйкес I-VI тарифтік разрядтар бойынша лауазымдық жалақылар және әскери қызметшілер үшін осы

Жарлықта көзделген қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін тиісті үстемақылар төленеді ;

9) басқа мемлекеттердің аумағында бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін тікелей орындайтын әскери қызметшілердің барлық санаттарына жауынгерлік іс-қимылдарға (жауынгерлік ұшуларға) тікелей қатысқаны үшін жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан әрбір күніне 3,0 коэффициентімен осы тармақтың 8) тармақшасында көзделген арттырылған ақшалай үлес төленеді. " .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК